

ДАИШ-тен келер қауіп қандай?

Жуырда елорданың Есіл аудандық соты «Ислам мемлекеті» экстремистік ұйымын террорлық деп танып, қызметіне тыйым салды. ДАИШ елімізде террорлық деп танылған 17-ші ұйым болып отыр. Айта кету керек, содырлардан жасақталған террорлық топ қазіргі уақытта Ирак пен Сирияның біраз аумағын басып алған. Ал, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Нұртай Әбіқаев бұған дейін ДАИШ қатарында 300 қазақстандықтың соғысып жүргенін мәлімдеген болатын. Жалпы, ДАИШ Қазақстанға қаншалықты қауіпті? Олардың шынайы бет-бейнесі қандай? Осы ретте отандық мамандардың пікіріне назар аударсақ.

Балғабек МЫРЗАЕВ, Теология ғылымының докторы:

– Ислам атын жамылып жер бетінде халифатын орнатамыз деп жаһанды дүрліктірген «Ислам мемлекеті» және «ан-Нусра фронты» ұйымдары елімізде террористік деп танылды. Себебі, оның идеологиясы мен мақсаты Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық келісімдер мен еліміздің заңнамаларына қайшы келеді және Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді. Сонымен қатар, осы ұйымдардың «әл-Каидамен» байланысы бар екені және лаңкестік әрекетерге араласқаны да анықталды. ДАИШ жер бетінде Ислам халифатын орнатамыз деген ұранмен бірқатар мемлекеттерден жиналған заңсыз қарулы топтар арқылы Ирак және Шам елдерінде діни дүрдараздық пен бүлік тудыруда. Исламдағы «жиһад» сөзін пайдаланып, адамдарды мұсылман елдері арасында болып жатқан қақтығысқа қатысуға шақыруда. «Халифатшылардың» ғаламтор бетінде дүние жүзінің мұсылмандарын жиһадқа шақыратын аудио және видеоматериалдар күн санап көбеюде. Ал енді ДАИШ содырларының ғаламторда толып жүрген бейнероликтеріне назар салсаңыз, онда олардың қатыгездігі мен қанішерлігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мұнда мұсылман немесе кәпір деп айырмастан жазықсыз жандар аяусыз атылып, асылып, бастары кесіліп, қойша бауыздалып жатады. Исламда адам өмірі, оның құқығы қасиетті. Адамның жаны – Алланың оған берген аманаты. Адамның жанын алуға Алладан басқа ешкімнің құқы жоқ: «**Өлтірілуіне Алла тыйым салған кісіні нақақтан өлтірмеңдер...**» (Әнғам: 151).

ДАИШ-тіктер – зорлау, өлтіру, жаппай жазаға тартып дарға асу, ұрлау, мешіттер мен шіркеулерді қирату, әйелдерді жыныстық құлдыққа салу, балаларға зорлық-зомбылық көрсету және оларды ұрыс іс-қимылдарына тарту сынды қылмыстар». Сонымен қатар ДАИШ Ирактағы шиит, христиан, түркімен, күрд, езид сынды этникалық әрі діни азшылық өкілдеріне жүйелі түрде шабуыл жасап, қан төгуде. Сондықтан, мүшелері қолына Құран ұстамаған ДАИШ содырлардан құралған лаңкестік ұйымнан басқа ештеңе де емес. Олардың шектен шыққан әрекеттерін, ДАИШ-тің басшысы Әбу Бәкір әл-Бағдади мен оның жақтаушыларын айыптаған мұсылман әлемінің жүз жиырмадан астам белгілі ислам ғұламалары мен мүфтилерінің қолдары қойылған ашық хат жарияланғаны белгілі.

Ашық хатта ғалымдар содырлардың жасап жатқан әрекеттері мен декларацияларына талдау жасап, олардың ислам ұстанымдарына мүлдем сәйкес келмейтінін баяндайды. Олардың тәубеге келіп, қайырымдылық пен мейірімділік дініне қайтуларын және террористік әрекеттерін тоқтатуға шақырады. Мысыр пәтуа шығару басқармасы такфир ағымы деп танылған ДАИШ террористік ұйымының өзін-өзі жарып

жіберуге арналған қаруды қолдануына қарсы пәтуа шығарды. Пәтуада: *«Мұндай қарулар арнайы жасалады. Бүгінде лаңкестер өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін қарудың әйелдерге арналған түрін ойлап шығаруда. Мұндай қару террористік қақтығыстарда өзін-өзі жару үшін жасалған. Қазіргі таңда лаңкестер өзін-өзі жарып жіберу әрекеттерінде әйелдерді құрал етіп алды. Лаңкестер ол үшін алдымен бір әйелді таңдап алып, оның санасына психологиялық шабуыл жасайды. Әлгі әйелге өлім туралы әбден насихат айтылады. Қажет болған жағдайда өзін өлтіруге итермелейтін арнайы мига әсер ететін шөптер ішкізеді. Біршама уақыттан кейін әлгі әйел дайын әскер болып шығады»* делінген. Осы әлемдегі беделді ислам елдерінің ғалымдарының ислам атын жамылған «Ислам мемлекеті» террористік ұйымын айыптағанын ескере отырып, Астана қаласы Есіл аудандық сотының «Ислам мемлекеті» (олардың «ДАИШ», «ИГИЛ» деген атаулары бар) және «ан-Нусра фронты» ұйымдарын террористік деп танып, оның Қазақстанның аумағында қызметіне тыйым салуы дер кезінде қабылдандыған шешім екені анық.

Жалғас САНДЫБАЕВ, «Е-Ислам» порталының бас редакторы:

– ДАИШ содырларының тарапынан адамға жасаған айуандық әрекеттерін көрген кейбір ислам ғалымдары оларды Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) айтып кеткен адасушы хауариждер тобына да жат қызады. Өйткені, олардың киім киістері, адамдардан ерекшелінуі, адамды қойша бауыздаулары, нақты дәлелдерді керек етпестен күмәнға сүйеніп адамның тағдырын шешу, олардағы қатыгездік сияқты т.б. сипаттары пайғамбардың хауариждер туралы айтқан сипаттарымен сәйкес. Сондай-ақ, араларында танымал, мұсылман әлемі мойындаған немесе есімі белгілі пәтуә беріп отырған ғалымдары да жоқ... Ал енді хауариж дегеніміз кімдер? «Хауаридж» араб сөзі – қарсы шығу, бөлініп шығу сияқты мағыналарды қамтиды. Мемлекетте бүлік шығарған саясидіни топ. Олар мұсылман мемлекетінің үшінші халифасы Осман ибн Аффанды сарайында Құран оқып отырған жерінен өлтірген. Кейін олар төртінші халифа, пайғамбардың күйеу баласы Әли ибн Әбу Талибті де өлтіреді. Пайғамбар харижиттер турасында: *«Олар – жаратылыстың ең жаманы»* деп айтқан (Мұслимнің риуаяты).

Ермек МҰҚАТАЙ, «Әлжан ана» мешітінің бас имамы:

– Дін атын жамылған трансұлттық сипаттағы террорлық ұйымдар адамзаттың бейбіт өмір сүруіне қатер төндіре бастады. Соның бірі өткен ширек ғасырда ислам дінінің атын жамылған «Әл-Кайда» террорлық ұйымы болса, келесі біреуі 2014 жылы Сирия мен Ирак жерінде пайда болған ДАИШ ұйымы екені әмбеге аян. ДАИШ қандай ерекшелігімен қауіпті дегенге келетін болсақ, бұл ұйымның ұстанымында ислам шарифатына теріс «тағут» және «тәкфир» түсініктері бар. Олардың пайымдауынша, «тәкпір» деп үлкен күнә жасаған адамды айтамыз.

Ислам шарифатын басшылыққа алмаған кез келген саяси жүйеге «кәпір» үкімін тағады. Яғни, мемлекеттік конституциялық құрылысы Құран мен сүннеттен тұрмаған әрбір жоғары саяси институт «кәпір» болып табылады. Сондай-ақ, ДАИШ-тің бұл пікірін құптамаған өзге мұсылмандар да «кәпір» саналады. Әлбетте, бұл – асыра сілтеп, шектен шыққандық. ДАИШ террорларының түсінігінше, бұл ұйымға кірмеген және олардың шейхтарына мойынсұнбаған әрбір мұсылман «тағут» саналады. Ал, ДАИШ-ке мүше болып, кейін олардан шыққан адам «муртад» (дінін тәрк етуші) болып есептеліп, өз пәтуаларында мұндай қадамға барған адамды өлтіруге рұқсат береді.

Әсілі, «тағут» туралы түсінік уахабилік-салафиттік ілімнің теориясын жазған Мұхаммед ибн Абдул Уаххабтың «Үш негіз» атты еңбегінде кездеседі. Мұхаммед ибн

Абдул Уаххаб өзінің бұл пікіріне Ибн Таймия және Ибн әл-Қайимның шетін көзқарастарын арқау еткен. Ол «тағуттың» бірнеше санаттарын келтіре отырып, оның ішіне зайырлы жүйені де жатқызады. Яғни, Мұхаммед ибн Абдул Уаххабтың «Үш негізі» бойынша Алланың заңымен құрылмаған әрбір саяси жүйе және оның қызметкерлері «тағут» саналады. Олар: «тағут» адамдардың қаны мен мал-мүлкі адал деген үкім шығарған. Осыған байланысты ДАИШ-тің жетегіндегі жанкештілер өздеріне қосылмаған немесе өздерін құптамаған мұсылмандардың бәрін өлтіруді күнә деп есептемейді. ДАИШ туралы сараптамаларға зер салсақ, бұл ұйымның алдын ала әзірленген жоба екенін аңғарамыз. Өйткені, алдын-ала ұйымдастырылмастан тоқсан елдің террористері бір уақытта Сирия мен Иракта бас қосып, үлкен көлемдегі әскери іс-қимылдарды жүзеге асыруы мүмкін емес. Мұсылман мемлекеттерімен қоса, ислам діні аз таралған елдерден әп-сәтте содырлардың пайда болып, Таяу Шығыста бір мезгілде бас түйістіруі осыны әйгілесе керек.

Қазан айының 15-күні Астана қаласының Есіл ауданының соты осы ДАИШ-ті террорлық ұйым деп таныған шешім шығарды. Бұдан кейін ДАИШ-ті құптау немесе оған еру ҚР Қылмыстық кодексінің терроризм бабы бойынша сотталатын болады. Әрине, тек жазалаумен ДАИШ-ті ауыздықтай алмаймыз. ДАИШ идеологиясын түбегейлі жеңу үшін исламның содырлыққа емес, ізгілікке негізделген дін екенін толық сезінуіміз қажет. Ол үшін ҚМДБ имамдары мен өзге де теолог азаматтардың Хақ дінді жан-жақты насихаттауына қолдау білдіруіміз шарт.

Ноян ЖОЯМЕРГЕН